

## Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия тағайындау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 мамыр N 812 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.04. 266 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия тағайындау туралы" 2000 жылғы 3 сәуірдегі N 369 Жарлығын орындау үшін және әдебиет және өнер қайраткерлерін мемлекеттік қолдауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия берудің ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия беру жөніндегі комиссия құрылсын.

3. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен 2000 жыл үшін Мемлекеттік стипендиялар төлеуге үстіміздегі жылғы желтоқсанда 8 700 000 (сегіз миллион жеті жүз мың) теңге бөлінсін, ал одан әрі - жыл сайын республикалық бюджетте "Мемлекеттік сыйлықтар" бағдарламасы бойынша көзделсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 29 мамырдағы  
N 812 қаулысымен бекітілген

**Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер  
қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия берудің  
Ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия (бұдан әрі - Мемлекеттік стипендия) берудің тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік стипендия көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлерін

материалдық қолдау мақсатында тағайындалады және Қазақстанның әдебиеті мен өнерін жасауға, сақтауға және дамытуға зор үлес қосқан, сондай-ақ жоғары шығармашылық әлеуеті бар адамдарға беріледі.

### 3 . Қ а з а қ с т а н н ы ң :

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа ж е т к е н :

Қазақстан Республикасының халық жазушысы, халық әртісі, халық суретшісі, еңбек сіңірген қайраткері құрметті атақтары бар немесе әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары болып табылатын;

жаңа шығармалар жасауға және Қазақстан мәдениетіне үлес қосуға жоғары шығармашылық әлеуеті бар азаматтары Мемлекеттік стипендияға үміткер бола а л а д ы .

4. Лауазымды адамдардың, баспалардың, редакциялардың, шығармашылық және басқа да қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық құрылымдардың ақы төленетін басшыларының, сондай-ақ сайланбалы органдар өкілдерінің кандидатураларын қарауға қабылданбайды.

5. Үміткерлердің кандидатураларын шығармашылық Одақтар, мәдениет және өнер ұйымдары мен мекемелері ұсынады.

6. Мемлекеттік стипендияны Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қорытындысының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

7. Мемлекеттік стипендия алуға ұсынылатын құжаттардың тізбесін Комиссия б е л г і л е й д і .

8. Комиссияның Мемлекеттік стипендия беруге кандидатураны бекіту туралы шешімі Комиссияның отырысында қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі. Комиссияның шешімі хаттамамен р е с і м д е л е д і .

Егер оған Комиссия мүшелерінің үштен екісінен астамы қатысып отырса, отырыстың құқықтық күші бар деп саналады.

9. Үкімет қажеттілігіне қарай Мемлекеттік стипендиаттардың жеке құрамын өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 29 мамырдағы

№ 812 қаулысына қосымша

**Көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендиялар беру жөніндегі комиссияның**

**Құрамы**

- Ертісбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Ермұхамет Қабиденұлы және ақпарат министрі, төраға
- Әлиев - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Арыстанбек Мұхамедиұлы және ақпарат вице-министрі, төрағаның  
орынбасары
- Күзембаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Валерий Әлібекұлы ақпарат министрлігі Өнер  
департаментінің директоры, хатшы
- Әбдіков - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Төлен Әкімшілігі Әлеуметтік-саяси бөлімінің  
бас инспекторы
- Оразалин - Қазақстан Жазушылар одағы  
Нұрлан Мырқасымұлы басқармасының бірінші  
хатшысы (келісім бойынша)
- Мергенов - Қазақстан Суретшілер одағы  
Еркін Тілекұлы басқармасының төрағасы  
(келісім бойынша)
- Еркімбаев - Қазақстан Композиторлар  
Серік Жексембекұлы одағы басқармасының бірінші  
хатшысы (келісім бойынша)
- Андриасян - М.Лермонтов атындағы  
Рубен Суренович мемлекеттік академиялық орыс  
драма театрының көркемдік  
жетекшісі
- Клушкин - Құрманғазы атындағы Алматы  
Юрий Степанович мемлекеттік консерваториясының  
кафедра меңгерушісі
- Серкебаев - Қазақстан музыка  
Ермек Бекмұхамедұлы қайраткерлері одағы басқармасының  
төрағасы (келісім бойынша)
- Мәмбетов - Астана қаласындағы Қ.Қуанышев  
Әзербайжан Мәдиұлы атындағы Қазақ музыкалық  
драма театрының көркемдік  
жетекшісі
- Райбаев Зәуір - Абай атындағы Қазақ  
мемлекеттік академиялық  
опера және балет театрының

б а с б а л е т м е й с т р і

*Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.10.30. N 1376 ,  
2003.12.31. N 1370 , 2005.02.28. N 173 , 2006.06.27. N 588 қаулысымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК